

Есімдік

Есімдік- заттың атын, сынын, санын я олардың аттарын білдірмей, олардың орнына жұмсалатын, есімдер тобына жататын сөз табының бірі.

А.Ысқақов

Есімдіктер- сөз таптарының бірі.
Белгілі бір заттың атын, сынын, санын атап көрсетпейтіндіктен, осы сөз табына енетін сөздердің нақтылы мағыналары, көбінесе, контексте, яғни өздерінен бұрын не соң айтылатын сөздермен байланысты айқындалады.

Ә. Төлеуов

Есімдік- лексика-семантикалық сипаты, морфологиялық ерекшеліктері және синтаксистік қызметтеріне байланысты жеке бір дербес сөз табы. Есімдіктер-мағынасы тым жалпы сөздер.

Қазақ тілі грамматикасы

Есімдіктердің шығу төркіні

Есімдіктер шығу төркіні жағынан 2 топқа бөлінеді:

1. Өте ерте заманнан келе жатқан байырғы түбір есімдіктер: мен, сен, ол, біз, сіз, қай? кім? не? міне, бұл, сол, т. б.

2. Соңғы кездерде туып қалыптасқан есімдіктер:

2.1 Лексикалық жолмен жасалған: бар, біреу, бүкіл, түгел, әр, күллі, пәлен.

2.2 Морфологиялық тәсіл арқылы жасалған: мына-у, ана-у, сона-у; барлық, барша, қанша, неше, қандай, нешінші.

2.3 Синтаксистік тәсіл арқылы жасалған: бірдеңе, бірнеше, кейбіреу, әлдекім, ешкім, кімде-кім, қай-қайсы, т.б.

Есімдіктің лексика-семантикалық сипаты

- Есімдіктердің мағыналары қашан да дәл нақтылы болып келмей, өте жалпылама қалыпта кездесіп отырады. Мысалы: мен, сен, кім?, біреу, өзі, т.б.
- Есімдіктердің жалпылама мағыналары белгілі бір сөйлемдерде, контексте қолдану ретіне қарай және сөз тіркестері мен сөйлемдерде берілген ойдың жүйесіне қарай әр қилы нақтылы мағыналарға ие болып отырады. Мысалы: Арман бес жаста. Ол оқи да, жаза да біледі.

- Есімдіктер әрқашан субъектімен байланысты болады. Олар сөйлеуші немесе сөйлемдегі субъектінің субстанцияларға, құбылыстарға және олардың сапалары мен қасиеттеріне қатынасын көрсетуші сөздер болып саналады. Мысалы: Кідірмей-ақ, Қартқожа, сен құнаныңа мініп, бұ кісіге ер-дағы, Балдекең аулына дұрыстап апарып сал.

Морфологиялық ерекшеліктері

Есімдік

**Субстантивтік-
заттық ұғымдағы
сөздер**

**Атрибутивтік-
заттың белгісі
ұғымдағы
сөздер**

- **Субстантивтік есімдіктер** қолданылу ретіне қарай зат есімдер сияқты көптеліп те, тәуелденіп те, септеліп те, жіктеліп те қолданылады. Мысалы: сендер, менің, кімге?
- **Атрибутивтік есімдіктер** дәл өз мағынасында қолданылып тұрғанда, түрлену формаларының ешқайсысын қабылдамайды. Мысалы: бұл, сол, қай? Түрлену формалары атрибутивтік есімдіктерге тек субстантивтенген жағдайда ғана қосыла алады.

- Есімдіктердің бәріне бірдей, бәріне тең ортақ заңдылық деп қарауға болатын белгілі формалары немесе өзгеру тәсілі жоқ.
- Көптік мағынаны білдіретін **з** морфемасы. Мысалы: Сіз, біз.
- **Н** дыбысы жіктеу, сілтеу есімдіктерінің септелу жүйесінде түсіп қалып, барыс септігінде пайда болады.
- Есімдіктерден жаңа сөз жасалмайды.

СИНТАКСИСТІК ҚЫЗМЕТІ

- Біз ауылға бірге бардық.- *бастауыш*
- Мен үшін сондай достың бірі сенсің.-
баяндауыш
- Кіммен күрес деп отырсыңдар?-
толықтауыш
- Ертең менің әжемнің туған күні.-
анықтауыш
- Кітап дүкендерінен қарап көр, бәлкім,
сонда болар.- *пысықтауыш*

Есімдіктің түрлері



Жіктеу

Сілтеу

Сұрау

Өздік

Жалпылау

Болымсыздық

Белгісіздік

Есімдік

Жіктеу есімдіктері

- Әрқашан белгілі бір жақты көрсету үшін қолданылатын сөздер.
- **Ол** сөзі адамды көрсететін болса, *жіктеу есімдігі* болады: Ол оқудың жайын сұрады. Ал егер заттар мен құбылыс, іс-әрекет, сан-сапа, т.б. көрсететін болса, *сілтеу есімдігі* болады: Ол жарыста бәйгеге түсе алатын білімділер, зейінділер.

Жекеше түрінде

Мен- сөйлеушіні көрсетуші

Сен, сіз- тыңдаушыны көрсетуші

Ол- бөгде кісіні көрсетуші сөздер

Көпше түрде

Біз, біздер- сөйлеушіге тән топты
көрсетуші

Сендер, сіздер- сөйлеушінің сөзі арналған
топты көрсетуші

Олар- бөгде топты көрсетуші сөздер

Жіктеу есімдіктері әрқилы
морфологиялық түрлендіруші
формаларды қабылдай алады.

Атау *мен*

Ілік *менің*

Барыс *маған*

Табыс *мені*

Жатыс *менде*

Шығыс *менен*

Көмектес *менімен*

Сілтеу есімдіктері

- Аралық қатынастарды көрсетеді.
- Сілтеу есімдіктері аралық қатынастарды білдіру жағынан ішінара *жақын-алысырақ, алыс-жақынырақ* сияқты қарама-қарсы мағыналарда қолданылатын сөздер болып бірнеше жікке бөлінеді.

Жақын	Алысырақ // жақынырақ	Алыс
Бұл	-	Ол
Міне	Әні	-
Мына	Ана	Сона
Мынау	Анау	Сонау
(Осы)	Осынау	(Сонау)
Осы	-	Сол
-	-	Түү (түнеу), тонау

Сөз таптарының орнына қолданыла алады:

- **Зат есім:** 80-жылдарда жер аударылып барған Михаэлис деген бір білімді кісімен, қазақ ғұрпындағы қағидаларды жиюға елге шыққан Гросс деген екеуімен Абай таныс болған. Бұлар Абайдікіне қонаққа келіп кетіп жүрген.
- **Сын есім:** Кіші үйдің бозінгені бүгін тағы өлді. Мойнақтан ол үй енді таза болды.

- **Сан есім:** Жұмыс басталуына он екі күн қалған екен. Бұл күндердің ішінде талай іс бітіруге болады.
- **Есімдік сөздер:** Әңгімедегі пікір не нәрсе туралы болса, сол нәрсе шығарманың тақырыбы болады.
- **Етістік:** Жармұхамет кешіккен соң, оның үйінде күтіп отырған болыс пәтеріне қайтты. Мұны көріп тұрған Берікбол мен Малтабар сарттың дүкенінен шықты.

**Өзге сөздер
орнына
қолданылатын
есімдіктер**

**Өзге сөздердің
орнына
қолданылмайтын
есімдіктер**

*Бұл, ол, мына, ана,
мынау, анау, осы, сол*

*Міне, әне, сона,
сонау, түү*

Сілтеу есімдіктері субстантивтенгенде ғана тәуелдік, септік, көптік жалғауларын қабылдай алады.


Міне

Әне

Осынау

Сонау

Түу



Тәуелдік жалғауы

Міне
Мынау
Әне
Анау
Осынау
Сонау
Түү

Септелмейді

A diagram consisting of a list of seven words on the left side, connected by a blue bracket-like line to a red text label 'Септелмейді' on the right side. The words are: Міне, Мынау, Әне, Анау, Осынау, Сонау, Түү. The red text is bold and positioned to the right of the blue line.

Көптік жалғауын қабылдайды:

Бұл- бұлар

Ол- олар

Мына- мыналар

Ана- аналар

Осы- осылар

Сол- солар

Сұрау есімдіктері

- Заттар мен құбылыстардың атын, санын, сапасын, мекенін, мезгілін, амалын, т.б. білдіретін сөздер.
- Кім? Не? Қай? Қайсы? Қандай? Қалай? Қайда? Қайдан? Қашан? Қанша? Неше? Нешінші? Қаншасы?
- Бірыңғай морфологиялық түрленуі не синтаксистік қызметі жоқ.

- *Кім? Не? Қайсы? Нешеу?* есімдіктері ғана тәуелденеді.
- Жіктік жалғаулары тек *кім? қандай? қалай? қайсы?* есімдіктеріне ғана жалғанады.
- *Кім? Не? Қайсы? Нешеу?* есімдіктері септеледі.
- Көптік жалғауы *кім? не? қайсы? неше?* есімдіктеріне жалғанады.

Өздік есімдіктері

- Сөйлеушіні не сөйлемдегі субъектіні өзге субстанциялар мен құбылыстардан бөліп алып көрсетуші сөздер.
- *Өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өзіміз, өздеріміз, өздеріңіз, өздері.*
- Тәуелдік жалғауының *–нікі, -дікі* формасы жалғанып қолданылады.
- **Өз** есімдігі тәуелденіп барып жіктеледі.
Мысалы: өзіммін, өзімсің, өзімсіздер

- Септік жалғаулары тәуелденген зат есімдердің септелу ізімен жалғанады.

Атау	<i>өзім</i>
Ілік	<i>өзімнің</i>
Барыс	<i>өзіме</i>
Табыс	<i>өзімді</i>
Жатыс	<i>өзімде</i>
Шығыс	<i>өзімнен</i>
Көмектес	<i>өзіммен</i>

Жалпылау есімдіктері

- Белгілі бір заттар мен құбылыстардың жиынтығына немесе толық қамтылуына нұсқай айтылатын жинақты-жалпылау мағынадағы сөздер.
- **Бәрі** есімдігі атау формада субстанциялық ұғымды білдіреді. Басқалары өзінің негізгі формасында қолданылғанда атрибуттық ұғымды білдіреді.

- Тәуелдік жалғаулары *бар, барлық, барша, бәрі* сөздеріне ортақ тәуелдеу түрінде ғана жалғанады. Мысалы: баршамызға, бәрің.
- Атрибуттық мәндегі *күллі, бүкіл, тамам* есімдіктері тәуелденбейді.
- Жіктік жалғауы жалпылау есімдіктеріне жалғанбайды.
- Субстантивтенген түрлері ғана тәуелденіп барып септеледі.

Белгісіздік есімдіктері

- Заттар мен құбылыстарды және олардың сан, сапа белгілерін, мекен, амал тағы басқаларын анық етіп ашып айтпай, тұспалдап қана көрсететін, яғни мағыналары нақтылы түрде берілмей, белгісіз мәнде айтылатын есімдік түрі.

- Белгісіздік есімдіктері шығу төркіні, жасалу жолы жағынан күрделі 2 салаға бөлінеді:

1. Лексикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер: *бір, біреу, кей, әр, әлде.*
2. Морфологиялық тәсіл арқылы жасалған сөздер: *бірдеңе, бірнеше, бірнәрсе, кейбіреу, әлдекім, әлдеқайда, әркім, әрқайсы.*

Өзге сөз таптарының қызметін атқарулары

- **Сын есім:** бір, кей, әр, пәлен, әлдеқайда. *Әр ауылдың, әр үйдің бір қазанбұзары, бір биі болады.*
- **Зат есім:** біреу, әлдене, әлдекім, кейбіреу, әркім, әрнәрсе, әрнеңе. *Сыртта біреу жүргендей көрінді.*
- **Сан есім:** бірнеше, әлденеше. *Бірнеше жоба көрсетілді.*
- **Үстеу:** әлдеқайда, әлдеқашан, әлдеқалай. *Ойы бөлініп, қиялы әлдеқайда отыр еді.*

- Біреу, бірнеше, бір, кей, кейбір есімдіктері тек ортақ тәуелдеу түрінде тәуелдік жалғауларын қабылдайды.
- Белгісіздік есімдіктері жіктік жалғауларын қабылдамайды.
- Көптік жалғаулары бірдеңе, бірнәрсе, біреу, әлдекім, әлдене, әркім, әрнеңе, кейбіреу есімдіктеріне жалғанады.
- Бір, бірнеше, кей, кейбір, кейбіреу, әлденеше, әрбір есімдіктері тәуелденіп барып септік жалғауларын қабылдайды.

Болымсыздық есімдіктері

- Жалпы болымды мағыналарға қарама-қарсы болымсыздық мағыналарда қолданылады.
- Еш, ешкім, ештеңе, ешнәрсе, ешбір, ешқайсы, ешқашан, бір де, бір де бір, дәнеңе.

Болымсыздық есімдіктерінің жасалу тәсілдері

Лексикалық тәсіл	Морфологиялық тәсіл	Синтаксистік тәсіл
Түк, дым, еш. Ақсақалдар жиылып, бір-екі рет бас қосса да, дым бітіре алмады.	Ешкім, ештеңе, ешнәрсе, ешқашан, дәнеңе. Әмірқандай әнді ешкім сала алмайды.	Бір де, бір де бір. Ертеңгі ататын таңның бүгінгі батқан күннен бір де бір айырмашылығы жоқ.

- Болымсыздық есімдіктері жіктік жалғауларын және көптік жалғауларын тікелей қабылдамайды. Көптік жалғаулары *ештеңе, ешнәрсе, ешқайсы, дәнеңе, түк* есімдіктеріне тәуелдік жалғауларымен бірге жүріп жалғанады: *ештеңелері, түктері*.
- *Ешкім, ештеңе, ешнәрсе, дәнеңе, түк* есімдіктері жекеше түрде тәуелденеді. *Ешбір, бір де бір* есімдіктері көпше түрінде тәуелденеді.

- Болымсыздық есімдіктерінің септелу жүйесі біркелкі емес. Субстантивтік ешкім, ештеңе, ешнәрсе, дәнеңе, түк есімдіктері жекеше түрінде септік жалғауларының барлық формаларын қабылдайды, көпше түрінде септелмейді. Тәуелденген түрінде жекеше, көпше түрінде септеледі. *Мысалы: Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ.*
- Атрибутивтік ешбір, ешқайсы, ешқандай, бір де бір есімдіктері жай түрінде септелмейді. Ал тәуелденген кезде жекеше түрінде 2-3-жақтарда септеледі. *Мысалы: ешбірің, ешбіріңнің, ешбіріңе, т.т.*

Назарларыңызға рахмет!